

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2025 жылғы 24 қараша

Астана қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 78

город Астана

**Төлем балансы бойынша іріктеп тексеру жүргізу үшін іріктелген
жиынтықты қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы**

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармақшасына, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы үшінші бөлігінің 47) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Төлем балансы бойынша іріктеп тексеру жүргізу үшін іріктелген жиынтықты қалыптастыру әдістемесі бекітілсін.
2. Төлем балансы департаменті белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;
 - 2) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш күндік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.
3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

Төраға

Т.М. Сүлейменов

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2025 жылғы 24 қарашадағы
№ 78 қаулысымен
бекітілді

Төлем балансы бойынша іріктеп тексеру жүргізу үшін іріктелген жиынтықты қалыптастыру әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Төлем балансы бойынша іріктеп тексеру жүргізу үшін іріктелген жиынтықты қалыптастыру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ведомстволық статистикалық байқау бойынша статистикалық әдіснамаға және ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыруға жатады.

2. Әдістеме мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы сектордың ресми статистикасын қалыптастыру үшін қолданылатын ведомстволық статистикалық байқауларды жинау мен өңдеу процесін оңтайландыру;

2) тиісті статистикалық есептілік нысандарын ұсыну кезінде респонденттерге түсетін жүктемені азайту.

3. Әдістемеде сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін барынша қамтуды қамтамасыз ететін іріктеу тәсілі негізінде статистикалық есептілікті ұсынуға тиіс респонденттердің тізбелерін қалыптастыру тәртібі белгіленеді және мыналарға:

1) статистикалық есептілікті ұсынатын респонденттер тобын нақтылауды қамтамасыз етуге;

2) операциялар көлемі елеусіз сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар ұсынатын статистикалық есептіліктің көлемін азайтуға;

3) ведомстволық статистикалық байқауларды ұйымдастыру кезінде еңбек, материалдық және қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға;

4) тиісті деректерге шоғырландыру арқылы статистикалық қателер санын азайтуға мүмкіндік береді.

4. Респонденттердің тізбелерін қалыптастыру «Ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу үшін статистикалық нысандарды және оларды толтыру нұсқаулықтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 23 маусымдағы № 33 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36409 болып тіркелген) бекітілген ведомстволық статистикалық байқаулардың мынадай нысандары үшін көзделеді:

1) 1-ТБ нысаны — «Бейрезиденттерге қойылатын қаржылық талаптар және олардың алдындағы міндеттемелер туралы есеп» (индексі 1-ТБ, кезеңділігі – тоқсандық);

2) 8-ТБ нысаны — «Тасымалдауға ілеспе көлік қызметтері және басқа да халықаралық операциялар туралы есеп» (индексі 8-ТБ, кезеңділігі – тоқсандық);

3) 10-ТБ нысаны — «Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп» (индексі 10-ТБ, кезеңділігі – тоқсандық);

4) 18-ТБ нысаны — «Теміржол, құбыр көлігі және электр энергиясын беру қызметтері туралы есеп» (индексі 18-ТБ, кезеңділігі тоқсандық).

5. Әдістемеді Заңда анықталған мәндердегі ұғымдар пайдаланылады, сондай-ақ, мынадай анықтамалар беріледі:

1) жалпы жиынтық – барлық респонденттің толық тобы;

2) іріктелген жиынтық (іріктеу) – белгілі бір рәсім арқылы жалпы жиынтықтан іріктеп алынған респонденттер тобы;

3) іріктеу мөлшері – іріктелген жиынтықтағы респонденттердің жалпы саны.

2-тарау. Іріктелген жиынтықты қалыптастыру

6. 1-ТБ есебінің нысаны үшін респонденттердің жалпы жиынтығына Қазақстан Республикасында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалардың мемлекеттік басқару органдарын, банктерін, өкілдіктері мен филиалдарын қоспағанда, халықаралық операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, шетел қатысатын ұйымдар кіреді.

8-ТБ есебінің нысаны үшін респонденттердің жалпы жиынтығына авиация, теңіз (өзен), автомобиль, теміржол көлігі саласында тасымалдауды, көлік-экспедициялық және қосалқы қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар кіреді.

10-ТБ есебінің нысаны үшін респонденттердің жалпы жиынтығына мемлекеттік басқару органдары мен банктерді қоспағанда, халықаралық операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар кіреді.

18-ТБ есебінің нысаны үшін респонденттердің жалпы жиынтығына теміржол, құбыр көлігімен тасымалдайтын және электр энергиясын беретін ұйымдар кіреді.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) қатысушылары, оның ішінде, АХҚО-ға қатысушы банктер 1-ТБ және 10-ТБ есептерінің нысандары үшін респонденттердің жалпы жиынтығына кіреді.

АХҚО-да шетелдік компанияны редомициляциялау кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қажет болған жағдайда редомициляция күнінен бастап кезеңдер үшін 1-ТБ нысаны бойынша есепті сұратады.

1-ТБ, 8-ТБ, 10-ТБ және 18-ТБ есептерінің статистикалық нысандарының жалпы жиынтығын айқындаудың басқа дереккөзі – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика

бюросының статистикалық бизнес-тіркелімі (бұдан әрі – СБТ). СБТ-да Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалар және олардың оқшауланған бөлімшелері туралы ақпарат қамтылады.

7. Респонденттердің тізбесін қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген) бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларына сәйкес валюталық реттеу шеңберінде алынған әкімшілік деректерге талдау жүргізеді, олар сыртқы экономикалық қызметтің тиісті белгілері бойынша 1-ТБ, 8-ТБ, 10-ТБ және 18-ТБ есептерінің статистикалық нысандарындағы деректермен салыстырылады. Бұл ретте іріктелген жиынтықты қалыптастыру кезінде респонденттерді Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша аумақтық бөлу ескерілмейді.

Алынған мәліметтер бүкіл жалпы жиынтыққа таратуға жатпайды, тұжырымдар тек іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келетін іріктеуге қолданылады.

8. 1-ТБ, 8-ТБ, 10-ТБ, 18-ТБ есептерінің нысандары бойынша есеп көрсеткіштерінің динамикасы бағаланады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алатын әкімшілік деректер мен талдамалық ақпарат бойынша тиісті ұйымды іріктелген жиынтыққа енгізу қажеттілігі бағаланады. Бұл ретте көрсеткіштің құндық көлемі ескеріледі және көрсеткіштің қолданылуының уақыт бойынша кезеңі бағаланады.

9. Іріктелген жиынтықтың мөлшері 1-ТБ есебінің нысаны бойынша 10 000 (он мың) респонденттен, 8-ТБ есебінің нысаны бойынша 1 000 (бір мың) респонденттен, 10-ТБ есебінің нысаны бойынша 4 000 (төрт мың) респонденттен, 18-ТБ есебінің нысаны бойынша 100 (жүз) респонденттен аспайды.

Келесі есепті тоқсанға іріктелген жиынтық тоқсан сайын ағымдағы тоқсанның соңғы айының 1 (бірінші) күніне дейін қалыптастырылады.

10. Іріктелген жиынтық үшін:

1) 1-ТБ есебінің нысаны үшін – ағымдағы тоқсандағы 1-ТБ нысаны бойынша есептердің бастапқы статистикалық деректері;

2) 8-ТБ есебінің нысаны үшін – ағымдағы тоқсандағы 8-ТБ нысаны бойынша есептердің бастапқы статистикалық деректері;

3) 10-ТБ есебінің нысаны үшін – ағымдағы тоқсандағы 10-ТБ нысаны бойынша есептердің бастапқы статистикалық деректері;

4) 18-ТБ есебінің нысаны үшін – ағымдағы тоқсандағы 18-ТБ нысаны бойынша есептердің бастапқы статистикалық деректері;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның ішінде уәкілетті органдардың сұратуы бойынша ақпарат алмасу шеңберінде алатын ағымдағы тоқсандағы әкімшілік деректер мен талдамалық ақпарат негіз болады.

Іріктелген жиынтықты қалыптастыру кезінде ұйымдардың бірігуі мен бөлінуі, жаңа ұйымдардың пайда болуы және жұмыс істейтін ұйымдардың таратылуы сияқты демографиялық процестерден туындаған өзгерістер ескеріледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистикалық агенттігінің 1997 жылғы 26 қарашадағы № 71 қаулысымен бекітілген Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының міндетін атқарушының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 68-од бұйрығымен бекітілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші сияқты СБТ құрылымындағы ұлттық анықтамалық ақпарат қолданылады.

11. Респонденттердің тізбесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы сектор саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын бөлімшесі 1-ТБ, 8-ТБ, 10-ТБ, 18-ТБ есептерінің нысандары бойынша қалыптастырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің порталына орналастырады.

12. 1-ТБ, 8-ТБ, 10-ТБ, 18-ТБ есептерінің нысандары бойынша Респонденттер тізбесінде респондентті іздеу сервисі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің порталында («Электрондық анықтамалар» бөлімі, «Төлем балансы бойынша есептілік нысандары бойынша респонденттер тізбесі» кіші бөлімі) орналастырылған.